
МЕДИЦИНАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯ

FTAMP 87.01**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТ ҚАУІП ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ш.Б. Баттакова, Ж.Е. Балтаева

ҚР ДСМ «Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК,
Қарағанды қ.

Арал өңірі тұрғындары арасында психо-эмоционалды бұзылыстардың таралуын зерттеу нәтижелері ұсынылған. Экологиялық апат жағдайында тұратын тұрғындар арасында жүйке жүйесінде патологиялық ауытқулары анықталған. Барлық зерттелушілердің эмоционалды күйзелісін, көңіл-күй бұзылыстарын анықтау үшін Спилберг Ханин тестісі (реактивті және тұлғалық күйзеліс баллмен) жүргізілген.

Түйінді сөздер: экологиялық қолайсыз аймақ, психикалық денсаулық, күйзеліс, тұлғалық үрейлік, реактивті үрейлік, жүйке жүйесі аурулары

Өзектілігі. Қазақстандағы қазіргі қоршаған орта жағдайының нашарлауы тек ауқаттылыққа ғана емес, сонымен қоса, халық денсаулығына, өміріне тікелей әсер етеді [1]. Бүгінгі күні орта факторлары зиянды әсерінің арту жылдамдығы мен олардың қарқындылығы экожүйенің биологиялық бейімделу шегінен шығып, халық денсаулығына, өміріне тікелей қауіп төндіруде. Қазіргі заман жағдайында тұрақсыз әлеуметтік-экономикалық ахуал, әсіресе Қазақстанда аса негативті алға басулар байқалады [2,3]. Соңғы жылдары Қазақстанда ғалымдар мен денсаулық сақтау қызметкерлерінің аса назары Арал өңірі тұрғындарының денсаулық жағдайы мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Айналадағы табиғи ортаның тез арада шөл далаға айналуы және оның құлдырауының қалпына келмейтіндей тұрақты процесі, тіршілік жағдайының нашарлауы, аурудың көбеюі экологиясы қолайсыз аудандарда тұратын халықтың экологиялық ахуалдары туындаған. Сондықтан, әлеуметтік қорғау шараларын заң жүзінде шешіп, құқықтық жағынан реттеуді талап ететін жаңа әлеуметтік-экономикалық шаралар жасалуы қажет. Экологиялық ластану халықтың сырқаттанушылығына теріс әсерін тигізеді, яғни ерте жастан пайда болып, олардың таралуы созылмалы түрге өтіп, емдеуге қиындығы психикалық сырқаттардың көбеюі алаңдатады [4,5]. Психикалық денсаулық денсаулықтың маңызды компоненті және ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл адам өзінің қабілеттерін іске асыра алатын, күнделікті өмірлік күйзелістерге қарсы тұра алатындай, қоғамның дамуына үлесін қосып, өнімді жұмыс жасауға мүмкіндік беретін ауқаттылық жағдайы болып табылады [6].

Осы орайда, антропогенді және экологиялық әсерлердің біріктірілген жүктемелері, әлеуметтік-экономикалық факторлар, жүйке жүйе сырқаттанушылық деңгейінің қалыптасуына әсер ететіні белгілі, себебі орталық жүйке жүйесі сыртқы және ішкі ортаның өзгерістеріне ең сезімтал жүйе болып табылады. Қоршаған ортаның жағымсыз факторлары ағзаға қарқынды әсер еткендіктен, бейімделуге аса күш түсетіні белгілі, сонымен қоса, ұзақ әсерлерден жүрек-қан тамыр және жүйке жүйесінде патологиялық ауытқулардың себебі болып табылатын бейімделушіліктің бұзылу синдромы дамиды [7].


Зерттеудің мақсаты. Арал өңірі тұрғындары арасында психо-эмоционалды бұзылыстардың таралуын зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттелетін аймақ ретінде Қызылорда облысы, Арал қаласы, ал бақылау аймағы ретінде Қарағанды облысы, Атасу мекені алынды. Себебі, географиялық, әлеуметтік, ұлттық сипаттамалары бойынша Арал өңірі аумақтарына жақын болып табылады. Біріншілік мәліметтер ретінде сауалнамалар нәтижесі (нейрохимиялық сауалнамаларды қолдану), Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығы психиатр, психологтардың қатысуымен жүргізілген скрининг нәтижелері қолданылды. Барлық зерттелушілердің эмоционалды күйзелісін, көңіл-күй бұзылыстарын анықтау үшін Спилберг Ханин тестісі (реактивті және тұлғалық күйзеліс баллмен) жүргізілді.

Сауалнамалық сұрастыруға Арал қаласының 18-69 жас және одан жоғары қабілетті тұрғындары қатысты. Кірістіру критерийі экологиялық қолайсыз аймақта тұратын ересек халықтың кем дегенде 10 жыл тұру уақыты болып табылады. Сауалнамалау тікелей сұрастыру әдісімен және әрбір респонденттермен сұхбаттасу арқылы жүргізілді. Алынған мәліметтер Windows жүйесіндегі Excel электрондық кестелері арқылы статистикалық өңделді.

Нәтижелер мен талқылау. Скринингтік зерттеу хаттамасының мәліметтері бойынша зерттеу тобында 637 адам саны, бақылау тобында 781 адам саны алынды. Арал өңірі тұрғындарының психикалық денсаулығын зерттеу кезінде «Бейімделушіліктің бұзылысы және ауыр күйзеліске реакциясы», «Күйзелістік эпизод», «Соматикалық аурулар немесе бас миының дисфункциясы мен зақымдануынан болатын психикалық бұзылыстар» анықталды (сурет 1).

Апат аймағына кіретін Арал қаласы тұрғындары арасында ең басымы «Бейімделушіліктің бұзылысы және ауыр күйзеліске реакциясы» 63% болды, ал Атасу кенті тұрғындары арасында 54% құрады. «Күйзелістік эпизод» диагнозы бойынша зерттеу нәтижелерін салыстырмалы талдау Атасу кентіндегі науқастар санына (2%) қарағанда Арал қаласында (33%) жоғары болды. Ал «Соматикалық аурулар немесе бас миының дисфункциясы мен зақымдануынан болатын психикалық бұзылыстармен» ауыратын науқастар санын салыстырмалы талдауда, керісінше Атасу кенті тұрғындары арасында зерттелген аймаққа қарағанда жоғары болды, яғни 44% құрады. Тұрғындардың психикалық денсаулығын тереңдете жүргізілген зерттеу кезінде барлық тұрғындар арасында есте сақтау көрсеткіші 70%-ға дейін Атасу кентімен салыстырғанда біршама төмен екені анықталды.



Сурет 1- Психикалық сырқаттардың таралуы

Тұлғалық үрейлік (ТҮ) жай-күйіне алаңдаушылық жағдайын реттей отырып, қауіп төндіретін жағдайлардың үлкен шеңберлерін қабылдаудың тұрақты бейімділігін сипаттайды. Реактивті үрейлік (РҮ) күйгелектікпен, мазасыздану, жүйке жүйесіне күш түсіруімен сипатталады. Өте жоғары реактивті үрейлік назар аударудың бұзылысына, кейде қимыл-қозғалыстың бұзылуына әкеледі. Өте жоғары тұлғалық үрейлік невротикалық жанжалдар, эмоционалды, невротикалық олқылықтар, психосоматикалық аурулармен тікелей байланысты. Тұлғалық үрейлік салыстырмалы тұрақты жағдаймен байланысты болмайды. Реактивті үрейлік керісінше, белгілі бір нақты жағдаймен туындайды. Жоғары дәрежедегі ТҮ көрсеткіші 363 адамда (40 балл), орташа дәрежедегі 419 адамда (46 балл) жағдайлар тіркелген. Төменгі дәрежедегі РҮ көрсеткіштері 332 (37 балл) жағдайлар тіркелген. Спилберг Ханин шкаласы бойынша орташа дәрежедегі көрсеткіштері Атасу кентімен (31-32 балл) салыстырғанда, Арал қаласында ТҮ (46 балл) және РҮ (60 балл) айқын жоғары болды. Атасу кентінде жоғары дәрежедегі ТҮ көрсеткіші анықталмаған.

Қорытындылар:

1. Жүргізілген зерттеулер нәтижелері тұрғындардың психикалық денсаулығына экологиялық қолайсыз ортасы тікелей әсер еткендігі туралы көрініс берді. Зерттелген Арал қаласы тұрғындары арасында «Күйзелістік эпизод» сырқаты салыстыру аймағына қарағанда 16,5% басым болды.

2. Спилберг Ханин шкаласы бойынша орташа дәрежедегі көрсеткіштері Атасу кентімен (31-32 балл) салыстырғанда, Арал қаласында тұлғалық үрейлік (46 балл) және реактивті үрейлік (60 балл) айқын жоғары болды. Бұл көрсеткіштер қауіптілікке деген жоғары үрейлікті көрсетеді.

Арал өңіріндегі тұрғындардың біршама үлесі қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға адекватты бейімделе алмайтындығы қорытындалды, бірақ халықтың көпшілігі алдағы болашақ өмірдің барлық аспектілеріне оптимистік көзқараста екені анықталды.

Әдебиеттер

1. Мухаметжанова З.Т. Современное состояние проблемы загрязнения окружающей среды // Гигиена труда и медицинская экология. - 2017. - №2(55). - С.11-20.
2. Куандыков Е.Н. Гигиенические проблемы состояния здоровья населения экологически неблагоприятного региона (на примере Кызылординской области): Автореф. ... канд. мед. наук: 14.00.07. – Караганда, 2003. – 29 с.
3. Келина Н.Ю., Безручко Н.В., Рубцов Г.К., Чичкин С.Н. Оценка воздействия химического загрязнения окружающей среды как фактора риска для здоровья человека: аналитический обзор // Вестник ТГПУ. - 2010. - №3(93). - С.156-161.
4. Алиев Р.А. Влияние вредных факторов окружающей среды на заболеваемость населения РК // Гигиена, эпидемиология және иммунология. – 2011.- №3.- С.12-13.
5. Якушева М.Ю., Астафьева О.В., Дерягина С.Е., Сергеева М.В. Оценка риска при определении приоритетов экологической политики территорий // Гигиена и санитария. - 2015. - №1(94). - С.117-121.
6. Максимова Т.М. Современное состояние, тенденции и перспективные оценки здоровья населения. – М.: ПЕРСЭ, 2002. - 192 с.
7. Омирбаева С.М., Кулқыбаев Г.А., Шпаков А.Е. и др. Проблемы оценки риска воздействия факторов окружающей среды на здоровье населения Республики Казахстан // Медицина труда и пром. экология. – 2007. - №2. - С.3-4.

Резюме

В статье представлены результаты исследования распространения психо-эмоциональных нарушений у населения проживающих в Аральском регионе. Выявлены патологические отклонения нервной системы среди населения, проживающего в условиях экологического бедствия. Для выявления нарушений эмоциональной стрессоустойчивости, настроения всем исследователям были проведены тест Спилберга Ханина (личностная и реактивная депрессия в баллах).

Ключевые слова: экологически неблагоприятная зона, психическое здоровье, стресс, личностная тревожность, реактивная тревожность, заболевания нервной системы

Summary

The article presents the results of the study of the spread of psycho-emotional disorders in the population living in the Aral region. Pathological abnormalities of the nervous system among the population living in the conditions of ecological disaster are revealed. To identify violations of emotional stress resistance, mood all researchers were tested Spielberg Hanin (personal and reactive depression in points).

Key words: ecologically unfavorable zone, mental health, stress, personal anxiety, reactive anxiety, nervous system diseases